



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## «Жаһандық оңтүстік»: Әріптестік әлеуеті

Америкалық жетекші талдау орталықтарының бірі «Center for Strategic & International Studies» (CSIS) алаңында «Жаһандық оңтүстік» тұрғысында АҚШ тәсілдерін қайта қарау» атты панельдік пікірталас өтті. Іс-шараның спикерлері – Қазақстанның АҚШ-тағы елшісі Ержан Ашықбаев, Замбия елшісі Чисамба Куаньяма және CSIS аға вице-президенті Даниэль Рунде.

Ержан Ашықбаев қазіргі геосаяси ахуал жаһандық державалар арасындағы бәсекелестікпен сипатталатынын, бұл «Жаһандық оңтүстік» елдерімен және «орта державалар» деп аталатын тәсілдер мен өзара іс-қимылдан көрінетінін мәлім етті. Осыған байланысты Қазақстан елшісі өзін халықаралық әріптестермен өзара іс-қимылдың тиімді тетігі ретінде ақтаған көпвекторлы саясатқа қатысты стратегиялық міндеттемеге тоқталды. Астана Батыс пен Шығыс арасындағы көпір бола отырып, ұлттық мүдделер негізінде барлық жаһандық ойыншылармен прагматикалық және өзара тиімді қарым-қатынас орнатады. Осы тұрғыда Ержан Ашықбаев АҚШ-пен сирек минералдар, ауыл шаруашылығы, IT технологиялар тағы да басқа салаларда кеңейтілген стратегиялық әріптестікті арттыру перспективаларына назар аударды.

Басқосу барысында Даниэль Рунде Қазақстанның сындарлы сыртқы саясаты мен халықаралық аренадағы рөлін жоғары бағалады. Сонымен қатар CSIS өкілі тәуелсіздік алғаннан бері елдің жоғары өсуі мен даму қарқынын атап өтті.

Америкалық сарапшының пікірінше, АҚШ сирек кездесетін металдар, сауда және энергетика салаларын қоса алғанда, кең ауқымды мәселелер бойынша Қазақстанмен қарым-қатынасты тереңдетуге тиіс.

Іс-шара соңында қатысушылар барлық елдің мүддесін сақтау қажеттігін атап өтті, бұл халықаралық аренада теңдестірілген қарым-қатынас орнатудың негізгі аспектісі болып саналады.



ялық және климаттық проблемалар және оларды ШЫҰ мен БҰҰ әлеуетін пайдалана отырып шешу жолдары туралы пікір алмасты. Іс-шараның қорытындысында ынтымақтастықты орнату мақсатында ШЫҰ Бас хатшысы Чжан Мин және БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының атқарушы директоры Ингер Андерсен ШЫҰ мен ЮНЕП хатшылықтары арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Құжат биологиялық әртүрлілікті сақтау, табиғи апаттармен күресу, климаттың өзгеруіне

## Іргелі ұйымдар ынтымақтастығы

Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы төрағалығы аясында аталған ұйым мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге қатысты нақты шаралар қабылдап жатыр.

Кения мемлекетінің астанасы Найроби қаласында өткен БҰҰ Қоршаған орта жөніндегі ассамблеясының VI сессиясы барысында Қазақстанның Шанхай ынты-

мақтастық ұйымындағы төрағалығымен ШЫҰ-БҰҰ жоғары деңгейдегі «Бір планета, бір болашақ: экологиялық тұрақтылық үшін күштерді біріктіру» арнайы іс-шарасы ұйымдастырылды.

Іс-шараға ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне жауапты министрліктері мен ведомстволары басшылары қатысып, жаһандық экологи-

бейімделу, ғылыми-техникалық ынтымақтастық, қоршаған ортаның ластануын азайту, тұрақты дамуға жәрдемдесу және экологиялық туризмді ілгерілету мәселелерінде екі ұйым арасындағы ынтымақтастықты дамытуды көздейді.

Іс-шара Қазақстан жариялаған «2024 жыл – ШЫҰ экология жылы» бастамасы аясында өтті.

## Сары түске өтсең, айыппұл төлейсің



Бұл сұраққа ИМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясы әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасы басшысының орынбасары, полиция подполковнигі Әсем Қырғызбекқызы жауап беріп, жаңа ереженің мәнін түсіндірді.

– Жол жүру ережелерінің 5-тарауы 24-тармағының 3-тармақшасына сәйкес бағдарламаның сары сигналы қозғалысқа тыйым салады. Бұған дейін бағдарламаның сары сигналы жүргізушіге қозғалысын аяқтауға мүмкіндік беретін. Алайда жүргізушілер бұл норманы дұрыс пайдаланбағандықтан, қиылыстарда соның кесірінен жол-көлік оқиғалары жиі тіркеледі. Сондықтан мұндай құқық бұзушылықтарды енді бейнебақылау камералары автоматты режимде тіркеп, сары түс жанғанда өтіп кеткендер Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне сай жауапкершілікке тартылады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Жуырда Ішкі істер министрлігі бағдарламаның сары түсіне байланысты жаңа жол ережесін жариялады. Халық арасында осы өзгеріске байланысты түрлі сауал туындап жатыр. Сонда бұдан былай сары түске өтуге де бағдарламаның қызыл түсі секілді тыйым салына ма?



## Қосымша білім беру орталығы көбейеді

Биыл Мемлекет басшысының тапсырмасымен Алматы қаласы мен Маңғыстау, Ақтөбе, Қарағанды, Жамбыл, Қызылорда және Павлодар облыстарында 11 жаңа қосымша білім беру орталығын ашу жоспарланып отыр. Бұл ұйымдардың ашылуы жеткіншектердің бойындағы таланты мен қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

«Біздің министрлік оқушыларды қосымша біліммен қамту бойынша кешенді жұмыс жүргізіп отыр. Өткен жылы ғана елімізде 9 қосымша білім беру орталығы ашылды. Биыл олардың саны 11-ге көбейеді. Жалпы, 2027 жылға дейін 100 қосымша білім беру

орталығын іске қосу жоспарда бар», дейді Оқу-ағарту министрлігі Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры Меруерт Медетбекова.

Биыл балаларды қосымша біліммен қамтуды 85 пайызға дейін арттыру жоспарланған. Бүгінде елімізде барлығы 1625 мектептен тыс ұйым жұмыс істейді. Онда әртүрлі бағыт бойынша үйірмелердің 380 түрі ұсынылған. Соның ішінде ғылыми-техникалық, музыкалық, көркемдік-эстетикалық, экология-биологиялық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық және басқа да үйірмелер бар.



Күннің көзі жылт етіп, қар көбесі сөгіле бастағандай болды. Бұл сәт көктемді аңсаған қалың жұрттың еңсесін бір көтеріп тастағандай әсер етті. Біз шығысты бетке алып, әп сәтте Созақтың алтын қақпасы саналатын Жартытөбе ауылына да жеттік. Келісімздің мәнісі 8 наурыз-Халықаралық Әйелдер күні мерекесіне орай Жартытөбе ауылындағы аяулы да ардақты аналарымызды, көп балалы аналарды осы айтулы мереке қарсаңында құрметтеу сәтіне куә болу еді. Ауыл ортасындағы хан сарайындай мәдениет ошағына да жеттік. Му-



## Жартытөбедегі жылымық күн

зыка ойнап, Төлеген мен Сүгір аталарымыздың күйлері шалқып тұр. Ауылдың әкімі Жүсіпов Данияр ініміз бен аудандық мәслихаттың депутаты Рыскелді Сапарбаев күтіп алды. Ауыл әкімі ауылдың тұрмыс тіршілігі

Қос өнерпаз жүргізушілер Майра Оспанова мен Еркебұлан Қосаев сахнаның сәнін келтірді. Шара басын халық биінен бастаған жергілікті өнерпаз қыздардың мың бұрала билеген биі көпшіліктің ризашы-

тытөбе ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мадияр Бейсенбеков, Бабата ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әбдірашұлы, Аққолтық ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бекберген Рысбаев, аудан-



мен атқарып жатқан жұмыстары туралы әңгімеледі. Жас та болса ілтипаттылығы мен ізеттілігі көп әкімдерге үлгі боларлық бұл жігітті біршама уақыттан танытын едім. Мен де әр ісіне сәттілік тілеуші жұрттың бірі едім. Ауыл аймақтың хал жағдайын сұрап көпті көргендігін танытып жатыр. Осы тұста Жартытөбе ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мадияр Бейсенбеков, Бабата ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әбдірашұлы, Аққолтық ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Рысбаев Бекберген ағаларымыз қатарымызға қосылды. Биылғы қыстың әбігері, мал жайы, ауа райы әңгіме арқауына айналды. Мерекелік шараның қадірлі қонақтары ақ жаулықты аналарымыз жан-жақтан келіп қосылып жатыр. Бірі жаяу, бірі балаларының көлігімен дегендей. Аудан орталығынан аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Жәмиев, аудан әкімінің орынбасары, осы ауылдың төл баласы Қалдыбек Оразовтар да жетті. Жалпы Жартытөбе ауылы бойынша 2146 жан әйел баласы екен. Оның 185-і «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегерлері. Айтқандай мереке құрметіне мәдениет үйінің кіре берісіне аналарымызға арнап мерекелік дастархан (фуршет) ұйымдастыруда да ұмытпағанын айта кеткеніміз жөн болар.

Мерекелік шара басталды.

лығына бөленді. Сахна төріне көтерілген аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов ауылдас апаларын мерекемен құттықтап, аудан әкімінің алғыс хаттарын табыс етті. 8 наурыз мерекесіне арнап жазып берілген ардагер ұстаз, ауданымыздың Құрметті азаматы Жиенбекова Тазакүл апайдың иығына камзол, басына аппақ орамал жауып құрмет танытты. Осыдан соң аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Жәмиев сөз алып аудандық мәслихат депутаттары атынан ардақты аналар мен қыз-келіншектерді бүкіл әлем болып тойлайтын ұлық мерекемен құттықтап өзінің жүрекжарды тілегін жеткізді.

«Ардақты аналар сіздердің алдыңғы толқындарыңыз кешегі қан майданда әкелеріңіз соғысқа аттанғанда масақ теріп, тылда зор еңбек еттіңіздер, ал енді біреулеріңіз кешегі тоқыру жылдары, яғни тәуелсіздіктің алғашқы жылдары өмірдің қиыншылығына қарамай денсаулық, білім, ауыл шаруашылығы саласында тер төктіңіздер. Ал енді біріңіз көп баланы дүниеге әкеліп аналық мейірімдеріңізді сыйладыңыздар сол себепті де сіздерге қандай құрмет жасалса да әбден лайықты,- деді мәслихат төрағасы Ордабек Мырзабекұлы өз сөзінде.

Айтулы мерекеде аудандық мәслихаттың осы ауылдан сайланған депутаты Рыскелді Сапарбаев, Жар-

дық әжелер ұйымының төрайымы Маруа Қайыржановалар ауыл аналарын көктемнің нұрлы мерекесімен құттықтап жылы лебіздерін білдірді. Рысбаев Бекберген ағамыздың аналар мерекесіне арнап жазып берілген монологуна көрермен қауым ризашылықтарын қол соғып білдіріп жатты.

Сахна төрінде аналар құрметіне арнап жезтаңдай әншілерміз Берік Өсербаев, Мәди Лесбекұлы, Майра Оспановалар шырқата әсем әндер орындап көпшілік көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Көп балалы ардақты аналар қатарына енді ғана қосылған, яғни, «Алтын алқа», «Күміс алқалары» бүгін келген жас батыр аналарымызға алқаларын ауыл әкімі Данияр Жүсіпов өзі тағып, қоса сый-сияпатын жасады. Осы ауыл әкімдігіне ұдайы демеушілік жасап келе жатқан Бейсенбеков Айдын Жеңісұлы басқаратын «Орталық» ӨК кен басқармасына және оның ұжымына ауыл жұртшылығы өз ризашылықтарын білдіріп жатыр.

Жартытөбедегі жаймашуақты мерекеден көп әсермен қайттық. Жалпы ақ жаулықты аналарымызға, қыз-келіншектерге ұзақ ғұмыр, отбасылық бақыт, толағай табыстар мен ғұмырларына таусылмас қуаныш тілейміз!

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

## АЛТЫН ҚҰРСАҚТЫ ЖАНДАР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Шолаққорған ауылында орналасқан «Іңкәр» тойханасында алтын құрсақты, аяулы аналарға арнайы аудан әкімдігінің мерекелік дастархан жайылып, құрмет көрсетілді. Аталған шараға аудан аумағындағы барлық ауыл, кент округтерден 100 ден аса көп балалы аналар қатысты.

Жиында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ақ жаулықты әжелер мен ардақты аналарға мерекелік құттықтауын жеткізді.

«Халқымызда «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген даналы сөз бар. Бүгінде еліміздің өркендеуі мен ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуында нәзік жандылардың да еңбегі орасан. Сіздерге деген сый-құрметіміз қашанда шексіз бола бермек. Әрқашан алға қойған мақсаттарыңыз орындалып, әйел бақытына кенелулеріңізге тілектеспіз. Әрдайым шат-шадыман күй кешіп, бақ-берекелеріңіз арта берсін,- деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы мерекелік шараға жиналған барлық аналарға ақ жаулық орамал жауып, гүл шоқтары мен сый сияпатын табыс етті. Ақ жаулықты аналарымыздың отырған орындарын жеке-жеке аралап, әжелердің батасын алды.

Сонымен қатар, аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев аналарға деген ыстық ықыласын білдірді. Аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Мұхаммед-Әли Иманбеков мерекелік құттықтауын әсем әнмен жеткізді. Сондай-ақ Созақ ауданының Құрметті азаматтары Арынбеков Бүркіт, Пардабек Сақтапбергенұлы, Мұсабеков Аманбек, аудандық әкелер мектебінің төрағасы Ақылбек Тоқтыбаев, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері, ақын Мыңжасар Асқаров аналарға деген ізгі тілектерін білдірді.

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінің өнерпаздары әсем әннен шашу шашып, қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Шараға жиналған аяулы аналар ұйымдастырылған шараға алғыстарын жеткізіп, ерекше әсерге бөленді.



## ҚЫЗЫЛ ЖАЛЫННАН ЗАРДАП ШЕККЕН АНАНЫ ҚАБЫЛДАДЫ



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Шолаққорған ауылының тұрғыны Ақмарал Шарханованы қабылдап, отбасының бүгінгі жай-күйімен танысты.

Ақмарал Шарханованың сөзінше 1 ақпан күні түн ауған уақытта баспанасы өрте оранған. Қызыл жалынды сөндіруге өрт сөндірушілер дер кезінде келіп, өртті сөндіріп үлгерген. Өрт салдарынан қаза болғандар мен зардап шеккендер жоқ. Өрттің салдарынан барлық бөлмелері жанып кеткен және үйдің шатыры толықтай зақымданған. Сондай-ақ аз уақыт бұрын ғана мелекеттен берілген қайтарымсыз грант арқылы тігін машинасын

алып, өз кәсібін ашқанын және сол грантқа алған тігін машинасы да қызыл жалынның ішінде қалып қойғанын жеткізді.

Аудан басшысы өз сөзінде «Отбасыңызда орын алған жағдаймен толықтай танысып. Бұл жағдай баршамызды бей-жай қалдырмағаны рас. Ендігі кезекте қолға алған кәсібіңізді қайта жандандыру қажет,- деп Ақмарал Шарханованың кәсібін қажетті жаңа тігін машинасын демеушілер есебінен алдырып, мереке қарсаңында табыстады. Қосымша мерекелік сый-сияпат табыс етіп, құрмет көрсетті.

**«Созақ үні»-ақпарат.**



Шеше деген баланы өмірге әкеліп қана қоймайды, оны асырап, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай жетілдіреді. Жаратушыға тән бойында өмірге әкелуші, тудырушы, туындатушы аналардың қамқорлығынсыз, шексіз мейірімге толы аналардың махаббатынсыз бұл әлемнің кескін-келбетін елестетудің өзі де қорқынышты. Қазақтың, тіпті арғы түрік дәуіріндегі қыз-келіншектердің тарихтағы өзіндік ерекшелігі, жалпы жауапкершілік деңгейі, қоғамдағы әлеуметтік орны қандай еді дегенге тарихи деректер негізінде қысқаша жауап беруді



да жол тауып беретін Қарашай ақылды шешелер, әйгілі Біржан салмен тізгін қағыстырып айтысатын Сарадай ақындар туған қазақ еліне небір талантты қыздар өмірге келеріне бек сенімдімін. Тек батыс жақтан келіп жатқан шектен тыс бейәдептік пен шығыстан келіп жатқан шектен тыс тұмшалау, шектеулерден сақ болсақ дейміз. 19 ғасырда сырттан келген татар молдалары қазақ қыздарының құқығын шектеп, байларға қыздарды ақшаға сату жоралғысын дінмен рәсімдеген сұмпаиы көрініс белең алады. Сөйтіп, қазақтың мың жылдық дәс-

## Еңбегімен ел құрметіне бөленген жан

мақсат тұтып отырғандаймыз. Жақында, Серегин Н.Н., Тишин В.В. есімді қос ғалымның «Орталық Азиядағы түріктердің әлеуметтік тарихы» атты тамаша ғылыми еңбегі жарық көрді. Сонда байырғы түріктердің әйелдерінің әлеуметтік статусы туралы арнайы бөлім бар. Кітапта шешелеріміздің әскери өнерге өте жетік болғандығы көптеген нақты деректермен сипатталады. Әйгілі «Баба Қорқыт туралы кітапта» да әйел адамның шапшаңдығы, шабандоздығы, батырлығы, жауынгерлігі үлгі тұтылатындығы аңғарылады. Қазақ халқы қашанда әйел баласын, оның ішінде қыз баласын құрметтеп, сыйлап өскен халық. Оған білім алуға, қызмет етуге, ел қатарлы күн кешуге жағдай жасаған халық. Бұл да әйел затының абыройын қорғауға, ар-ұяттан аттамауға негізделген заң болса керек. Біз мұны көшпелі бабаларымыздан қалған ар-ұятты бәрінен биік қоятын асыл тектілігін аңғартатын қасиет деп білеміз. Археолог-

ықпал еткен ірі тұлғаларға белгі ретінде қойылғанын ескерсек, оңтүстік өңірде әйелдерден билік өкілдері жиі шыққанын аңғаруға болады. Егер әйел кісілердің орны төмен болса, Айша бибіге, тіпті оның кутушісі, кейін шырақшысы болған Бабаджа хатунға кесене тұрғызылар ма еді? Марко Полоның жазбаларында Қайду ханның Айжарық деген батыр қызы болғаны туралы арнайы жазылады. Айжарықтың батырлығы сонша, онымен жекпе-жекте ешкім шақ келмейді екен. Небір батырлардың тауаны шағылып, рухы түсіп қайтады деседі. Ал өзі болса, «Әке, мені жекпе-жекте жеңген жігітке ғана тұрмысқа шығамын» деп шарт қойыпты. Әкесі соған келісіпті. Бірақ ешкім де алысқанды алып жығар, құралайды көзге атқан мерген қыздан асып түсе алмаған. «Бірде бір ханның өте көрікті ұлы, абройы асқақ ханзада да келіпті. Қайду ханға да ол ұнаса керек. Әкесі «өтірік жеңіліп қала сал» дегенді ишаралап

түріне де дақ түсті, кірледі. Қайран, шешелерім-ай, аңқылдаған аналарым-ай. Сәл жақсы жаңалыққа жүрегі жарылардай шексіз қуанатын, сәл ауыртпалыққа жүрегіне салмақ сала уайымдайтын басқа тағы кім бар екен? Мәшһүр Жүсіп «Расында да, Адам мен Хауа-Ананы Құдай жаратты. Бірақ одан туған баланы Құдай жаратқан жоқ» дейді. Бізді жаратқан шешелерімізге мың да бір тағзым!

Сол аналарымыздың жолын қуған жас аналардың бірі Абдалиқызы Назира 1982 жылы 14 қаңтарында дүниеге келген. Орыс мектебін тәмамдаған. Үш мамандық иесі. Мұғалім, есепші, заңгер. 2005-2021 жылдар арасында «Сауда көлік» компаниясында есепші болып жұмыс атқарған. Қазіргі таңда «Қазатом-пром-Сауран» ЖШС-гі мекемесінде есепші болып қызмет істеп келеді. Үш баланың анасы. Екі келіні, екі немересі бар. Асыраушысынан айырылған жалғыз басты ана дегені болмаса отбасының асыраушысы, тірегі Назираның өзі. Атан түйе тарта алмас тірлікті Алла тағала қыз баласына берген ғой. Халқымызда «әйелдің қырық жаны бар» деп жатамыз. Бірақ қашанда ер азаматтың орны бөлек. Назира таңертеңнен кешке дейін жұмыста болып кешкісін үйге келгенде немерелері алдынан жүгіріп шыққанда бар шаршағанын ұмытып кетеді.

Қарапайым қарындасымыз өз еңбегімен бала-шағасының несібесін тауып жүрген жан. Жақында компания ішінде мекемеаралық аналар байқауы өткен болатын. Сол байқауға қатысқан Назира қарындасымыз «Сымбатты ару» номинациясын иеленіп жеңімпаз атанды. Отбасында келін Рысбай Ақниетке білгенін үйретіп, жол көрсетіп отыратын ақылшы ене. Ұлы Рауан Алматыда жеке мекеме менеджер болып жұмыс жасайды. Келіні Берді Мерей Қайратқызы. Студент. Ал Ерсұлтаны болса оныншы сынып оқушысы, Айдана төртінші сынып оқушысы. Барлығы да аудан орталығындағы А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің түлектері. Қарапайым қазақ қыздары үшін көктемнің шырайы күндерінің барлығы да мереке. Сондықтан Назира мен оның отбасын әлемді әнімен тербеткен көктемнің шырайлы күндерімен шын жүректен ыстық ықыласпен құттықтаймыз!

**Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.**



тардың зерттеуінше, ерлер мен әйелдердің жерлеу орындарында айтарлықтай еш айырмашылық бола бермейді, тек онда қойылатын заттарда ғана ерге және әйелге тән өзгешеліктер кездеседі. Бұл да әйелдердің ер кісілермен тең дәрежедегі әлеуметтік жағдайын айшықтайды. Меркі жеріндегі көне түріктерге тән тас мүсіндердің басым бөлігі әйелдерге қойылғанын археолог Айман Досымбаева өз еңбектерінде дәйектеп жазды. Ал бәдіз тастар мен балбал тастар өз отбасына ғана емес, қоғамға

жеткізіпті. Айжарық оны да жеңіп шығып, жігіт меселі қайтып еліне оралыпты. Ақыры қызының жасы ұлғайып, оң жақта ұзақ отырып қалған соң өзінің бас қолбасшысына қосқан екен» дейді Марко Поло. Ертегілерде батырлар сынға түсіп, сүйгеніне қол жеткізу жолында небір қиындықтарда өтеді емес пе? Бұл да сол ертегілерді еріксіз еске түсіреді. Қарап тұрсаңыз, қай ата-ана өз баласының жаман болғанын қалайды. Жоғарыда айтқанымыздай, батыр аналар ғана емес, Жиреншенің өзіне қысылған-

## Аудандық ақсақалдар кеңесінің отырысы өтті

Бүгін 1 наурыз Алғыс айту күні Созақ аудандық Ақсақалдар кеңесінің 2024 жылдың алғашқы отырысы өтті. Жиынға аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Берік Тұрғанбаев, аудандық ішкі саясат бөлімінің қызметкері Жандос Нарқозыұлы, ауыл кент округтерінің этносаясат жөніндегі мамандары, полиция қызметкерлері, аудандық Жастар орталығының мамандары, этнос көп шоғырланған ауыл, кенттегі мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасарлары, кеңес мүшелері қатысты. Жиынды аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Жандос Нарқозыұлы Алғыс күнінің мәні мен маңызы туралы хабарлама жасады. Сондай-ақ «Қазақтың төлтума мәдениетін ұлықтау этностар мәдениеті мен тілін дамытуға жәрдемдесу» тақырыбы аясында аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысының міндетін атқарушы Нұрғайша Балаубекова аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстары баяндады. Бүгінде өзекті болып отырған жастар арасында

құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметінің бастығы Тұрсынбек Жылқыбаев хабарлама жасап, өткен жылы атқарылған жұмыстарының баяндап, алдағы міндеттерді бөлісті. Аудандық ақсақалдар кеңесінің сауалдарына жауап берді. Созақ ауылының тұрғыны, өзбек этномәдениет бірлестігінің төрағасы Мұхамеджан Бабаев: «Жері де, елі де бай, Қазақстанда өмір сүріп жатқанымызды мақтанш етеміз. Елімізді тең өмір сүруге барлық мүмкіндіктер жасалған. Жаны жайсаң, мәрт қазақ халқың Алғыс айту күнімен құттықтаймын, деп ризашылығын білдірді.

Аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Берік Мыңжанұлы, кеңестің мемлекеттік саясатты жүргізуде белсенді әрекет ететінін жеткізді. Жиын қорытындысымен белсенді Ақсақалдар кеңесі мүшелері мен ауыл кент округтердің этносаясат жөніндегі мамандары аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталып, естелік сыйлықтар табыс етілді.

## "СЕН ТАЛАНТСЫҢ" атты салтанатты шара өтті



Аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен 1 наурыз - Алғыс айту күнінде «Сен талантсың» атты Таукент кентінде өмірге құштар ерекше жандарға арналған салтанатты шара өтті.

Салтанатты шарада кент әкімі Елдос Даулетбаев, Таукент кентінің әділ биі Шарафудинов Суханберді, аудандық мәслихат депутаты Жамиева Қарлығаш, «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің басшысы Олжас Төлепбергелі сөз сөйлеп, шараға жиналған қонақтарды мерекелен құттықтады.

Әлеуметтік қамқорлықтағы 25 балаға «Қазатом-пром-Сауран» ЖШС-нің «Қанжуған» руднигінің демеушілігімен алынған сыйлықтар табысталды.

Сонымен қатар, Таукент кентінің тұрғыны Леонтьева Ольга «Алғыс» өлеңін оқыса, Султанова Диана пианинода ойнады. Сондай-ақ өнерпаз жастар мен мүм-

кіндігі шексіз ерекше жастарымыз көпшілікке өз өнерлерін паш етті. Қолөнер шеберлері Орманова Таңшолпан, Төрехан Ақсезім, қыл қалам шебері Нұрғали Нүркер өз туындыларымен таныстырды. Ерекше жандардың ішінде би өнерін дәріптеп жүрген Файзуллаұлы Саят өз биімен қошеметке бөленсе, Әбсаматова Зәуре «Өмір» монологымен тағылымы мол әңгіме өрбітті.

«Жастар ресурстық орталығы» КММ атынан шарада өнер көрсетіп, белсенді қатысқан 19 жасқа сый-сыпаттар табыс етілді.

Салтанатты шара Көңілді күн Орталық мамандарының ұйымдастырған қызықты ойындар және психологиялық тренингтер мен отандық кино көрсетілімге ұласты. Ерекше әсерге бөленген жас бүлдіршіндердің күлкісі әрбір жанға қуаныш сыйлады.

**«Созақ үні»-ақпарат.**



# Ерен еңбек иесі Нұржамал қыз

Қаршадай қазақ қызы темір тұлпар рөліне алғаш отырғанда жүрексігенде болар. Алайда қазақ халқының өткен тарихына көз жіберіп берісі Әлия мен Мәншүк, Хиуаз, арысы Домалақ ана, Тұмар ханым, Ұмай аналардың рухы қолдады ма жігіттерге бергісіз өршілдік пен намысқорлық Нұржамалдың жас жігерін қамшылай түскендей болды. Жаздың аптапты шыжыған күндері темір тұлпардың кабинасы жанын табаға салғандай қуырса, қыстың боранды, аязды күндері жас қызды дірдек қақтыратын. Сол қиындықтарға шыдап Нұжамал совхоздың іргелі шаруашылығында ерлермен қатар еңбек етті. Тектіден текті туады, тектілік жолын қуады демекші, әкесі «Халық ақыны» Құлжабай Төлеуовті кім білмейді.



мен жеткен жетістіктеріне арналған бейнебаянмен түрілді. Тағылымды шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков арнайы қатысып, кеш кейіпкері Нұржамал Құлжабайқызына ақ тілегін жеткізді. Құттықтау хат пен сый-сияпатын табыс етіп, құрмет көрсетті.

«Еліміздің өркендеуі мен ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық даму жолында, әр салада ардақты аналарымыз, аяулы қарындастарымыз аянбай еңбек етіп жүр. Ер

терін дәріптеп, өскелең ұрпақтың жадына сіңіруіміз қажет», деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы. Сонымен қатар, аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев кештің басты кейіпкеріне ыстық ықыласын білдірді. Кешке арнайы келген Түркістан облысының Құрметті азаматы Сексенбай Тұрысбеков, Созақ ауданының Құрметті азаматы Аманғали Айтмұраев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері, ақын Мыңжасар Асқаров ұйымдастырылған шараның маңыздылығына тоқталып, кеш кейіпкерінің еңбектері жайында әңгіме өрбітті. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, тележүргізуші, журналист Ләйлә Сұлтанқызы және



«Үміттің өлімі» атты әйгілі дастанның авторы. Мен сегізінші класс оқып жүргенде қолыма ақынның осы кітабы кездейсоқ түсіп, содан осы дастанды оқыған едім. Ақынның 90 жылдығында ұйымдастырылған облыстық айтысқа да қатысқан едім. Ақын туралы алдағы уақыттарда тағы да жазатын боламын. Енді Нұрекеңе қайта оралайық. Нұржамал осы ауылда, осы айда дүниеге келген.

Жоғарыда жазғанымдай мектеп бітірген 1978 жылдан 1992 жылға дейін механизатор болып жұмыс атқарады. Арасында Алматы қаласындағы Қазақтың ауыл-шаруашылық институтын бітіреді. 1985 жылы Москва қаласында өткен жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік XII- фестивалінің делегаты болды. 1986 жылы Облыстық комсомол комитетінің мүшесі, облыстық партия комитетінің мүшесі, аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, 1992 жылы Алматы қаласында өткен I-ші әйелдер съезінің делегаты. 1987 жылы ауылдық, аудандық Кеңестің депутаты. 1992 жылы «Әлеуметтік қорғау және адам құқығы» жөніндегі тұрақты комиссияның төрайымы. 1994 жылы «Құмкент» кеңшарында трактор жөндеу шеберханасының меңгерушісі. Техника қауіпсіздігімен өрт сөндіру аға инженері, Қызылкөл ауылының звеноводы. 2001 жылы «Қызылкөл» ЖШС-нің директоры. 2007 жылы Қызылкөл ауылдық клубының меңгерушісі. Аймақтық әлеуметтік –инновациялық университетін «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығы бойынша бітірді. 2008 жылдың 17 қарашасынан бүгінгі күнге дейін «Қайрат» балабақшасының меңгерушісі болып қызмет атқарып келеді. Тәуелсіздік жылдары атқарған ерен еңбектері үшін «Астананың 10 жылдығы» медалі, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 20 жылдығы», «Ыбырай Алтынсарин», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25

жылдығы», «Елеулі еңбегі үшін», «Ұстаз жолы», «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» саласының Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 1-ші орын жеңімпазы. 2017 жылы «Еңбек жолы» Республикалық конкурсының жүлдегері, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Созақ ауданының Құрметті азаматы» медалдарымен марапатталған еңбекқор қыз. Өткен аптада «Мыңжылқы» мәдениет үйінде ерен еңбек иесі Нұржамал Құлжабайқызына арналған «Елге сыйлы, ерен еңбек иесі» атты кездесу кеш өтті. Кеш шымылдығы Нұржамал Құлжабайқызының елге сіңірген еңбектері

азаматтармен қатар қоғамның жүгін қайыспай көтеріп, Тәуелсіз еліміздің дамуына өлшеусіз үлес қосып келеді. Көгілдір көктемнің наурыз айы басталғалы бері тағылымды кездесулер, қылқалам шеберіне арналған шығармашылық кеш пен сурет көрмесі ұйымдастырылды. Бүгінгі шара габратты ғұмырының ең қымбат шақтарын қасиетті Теріскей өңірімен тығыз байланыстырып, Созақ жұртының ыстық ықыласы мен зор құрметіне ие болған Нұржамал Құлжабайқызының ерен еңбектері арналып отыр. Біз қашанда жерлестеріміздің шығармаларын және олардың өнерлері мен ерен еңбек

белгілі Қоғам қайраткері Досыбай Шерімқұлов ақ тілектерін бейне камера арқылы жеткізді. Аудандық білім бөлімінің басшысы Нұралы Айдаров, талантты жазушы, қарымды қаламгер, журналист Есенкүл Көшербайқызы, жас қаламгер, ҚР Президентінің арнаулы әдеби сыйлығы, «Проза» номинациясының иегері Досхан Жылқыбай, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Ербол Дайрашұлы және аудандық «Бақ нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы Нұржамал Майусова жылы лебіздерін білдіріп, гүл шоқтары мен құттықтауларын табыс етті. Шара соңында Нұржамал Құлжабайқызы кешті ұйымдастыруға қолдау білдірген барша азаматтарға алғысын және аудандық жиналған қонақтар «Мыңжылқы» мәдениет үйінің өнерпаздары дайындаған әсем әнді тыңдап, «Ертөстік» және «Қайрат» бөбекжай-балабақшаларының бүлдіршіндері дайындаған би өнері мен фойеде кеш кейіпкеріне арналып қойылған көрмені тамашалады. Әрине, «өткен күннен бір белгі» дегендей Нұрекең келген қонақтарды мерекелік кешке арнайылап жайылған дәмге шақыруды да ұмытпады. Аудан орталығындағы «Үміт» дәмханасындағы мерекелік дастарханға жалғасқан шарада да еңбекқор қыздың ағайын-туыстары, достары, қонақтар игі тілектерін одан ары қарай жалғастырды.

Нұржамал Құлжабайқызы отбасында ұлын тәрбиелеп отырған бақытты ана, қызметінде абыройлы басшы, ағайын арасында сыйлы да сенімді бауыр, әпке, қарындас. Сол мерекелік жиында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков айтқандай Нұржамал қыз әлі де ауыл жұртшылығына абыройлы да, сапалы қызмет ете беретіні анық.

Темір тұлпар көк түтіні будақтап бозаң дала төсінде Қаратауды бетке алып кетіп бара жатқандай болды...

## Нұржамал қарындасыма

*Жаста болсаң бастадың,  
Бірге жүріп жастарың.  
Көзге түсіп көрініп,  
Өмір жолын ашқаның.*

*Темір тұлпардың меңгердің,  
Жұмысты ауыр тең көрдің.  
Қызда болсаң батыл боп,  
Бағың асып өрледің.*

*Нәзік жанды болсаң да,  
Беделді болдың ортаңда.  
Ер кісідей қайтпадың,  
Қайсарлықпен жол таңлап.*

*Еңбекпен өмірің шыңдалған,  
Берілді қалқам шын бағаң.  
Еңбек жолында тер төгіп,  
Сағың жаным сынбаған.*

*Жүрген жерің гүлденіп,  
Көріңді көзге түрленіп.  
Туімді жұмысты атқарып,  
Бау-бақша өсірдің іргелік.*

*Көз алмай жұртың өтпеген,  
Жасадың жұмыс көппенен.  
Бала-бақшаны меңгеріп,  
Шығардың ұрпақ көптеген.*

*Еңбекпен жастай шынықтың,*

*Нұрланып бойың тұнық бір.  
Еңбегің қарындас ақталды,  
Күні туып ырыстың.*

*Құтты болсын атағың,  
Беделіңді басар кім.  
Жарқырап шығып жұлдызың,  
Арайлап шықсын атар күн.*

*Үлгілі болып жастарға,  
Шыққаның биік асқарға.  
Ұжымыңмен бірлесіп,  
Ортасында жүр басқара.*

*Аман есен жүріңіз,  
Өсіп өнсің гүліңіз.  
Ырыс-берекең кетпесін,  
Қуанышта болып жүзіңіз.*

*Күнің болсын мереке,  
Жақсылармен теңесе.  
Жасай бер жаным жүзіңді,  
Есіктен кетпей береке.*

*Аман болсын бауырлар,  
Қызылкөл елді қауым бар.  
Өзіңе қуанып жүретің,  
Ағайын-туыс ауыл бар.*

**Жақсылық ЗҰЛПЫХАРОВ,  
Қызылкөл ауылы.**

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**



Асылбеков Қошқар ағамыз 1903 жылы дүниеге келген. 1942 жылы қазан айында Созақ аудандық әскери комиссариатынан тіке майдан даласына шақырылған.

32-ші запастағы атқыштар дивизиясына қарасты 89-шы запастағы атқыштар полкінде Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер. Неміс басқыншыларымен болған кескілескен шайқаста бомба жарықшағына түсіп жамбасынан жарақат алып, алты ай әскери госпиталда жатып ем алып, соғысқа жарамсыз болған соң 1943 жылы 20 тамызда әскери дәрігерлік комиссияның шешімімен елге қайтады. Оңтүстік-Батыс майданындағы бұл дивизияның атағы тариха Мәскеу түбіндегі ұлы шайқасымен елдің есінде қалды. Қаншама жауынгерлер 1941-42 жылдары болған шайқаста ерлікпен қаза тапты. Қаншамасы елге балдақпен, арбамен оралды. Қатардағы жауынгер Қошқар Асылбековтің көретін жарығы бар екен.

Москваны қорғауға қатысып, орасан зор шабуылда жаудың тастаған



әкелді. Ол темірге ағаштан қалақша орнатты. Диірмен тас дайын болды. Аталарымыз диірменнің орнын әзірлеуге кірісті. Төрт бұрыш тереңдігі 2-3 метр жер қазды. Ішін қабырғасынан таспен өріп шықты. Ол жерге кесек құйып там салды. Биік жерден су ағатын арық жүргізді. Астау, науа орнатты. Не керек диірмен жүргізу үшін көп уақыт кетті. Диірмен жұмысына Исабай, Смайыл, аталар көмектесті. «Көп қорқытады, көптің ісі көл» деген осы. Сонымен көптен күткен су диірмені іске қосылды. Колхоз басқармасы, қасында активтері бар келіп, диірменнің жүргені үшін екі атаға рахметін айтып, шағын жиын өткізді, еңбегі еленіп, аталарға сойысқа 2 қой, 2 радио сыйлады.

Атамыздың диірмен жүргізу тірлігін көрген, оның қиындығына көзім жеткен соң ойланамын. Апыр-ай, Қарағұрдағы балдақты аталар су диірменді қалай жүргізген. Не деген жанкештілік, өмірге құштарлық, елі үшін, халқы үшін аянбай тер төгіп, еңбек сіңіргеніне мен есейе келе

# ҚОШҚАР АТАНЫҢ ДИІРМЕНІ

бомбасынан окопқа көміліп қалады. Көзін ашса госпитальда жатыр екен. Жамбасы сынған. 1943 жылдың көктемі болуы керек. Алты айдан кейін Москвадан Түркістанның пойызына салып жібереді. Жаралы жауынгерді қарындасының күйеуі Байғон ағамыз Түркістаннан күтіп алыпты. Ол кезде Байғон ағамыз Түркістан қаласында тұрады екен. Түйені қомдап, соның үстіне салып апарыпты. Түйені колхоздан сұрап алыпты. Соғыстан кейін жаралы жамбасынан жүре алмаса да қоймаға қарауылдыққа қатылдапты.

«Әкеміз соғысқа кеткенде Әшім ағам (1928 жылы туған) 13-14 жаста екен. Соғыстан келгеннен кейін Саудақұл деген әпкеміз дүниеге келіпті. Әкем соғысқа кетерінде анамыз екі қабат екен. Соғыста жүргенде ұл босаныпты. Осы Төреханов Аманкелді ағамызбен қатар туылған түйдей жасты екен. Алдымен анасы Аманкелдіні туады. Одан кейін менің анам Есенкелдіні босанады. Сонда Сәлидің шешесі «шырақтарым соғыстан аман есен келсінші!» деп атын Есенкелді деп қояды. Көкем 1947 жылы Қарақұрға барып диірмен жайын салыпты. Сол диірмені сол жылы іске қосылыпты. Үйде Шәріпжан деген ағамыз бар екен сол бар, Аманкелді бар, бәрі таудан диірменге тас әкеліп, лаймен тасты қалап, диірмен соғып Ақсұмбе, Раң, Күмісті, Алтынтау, Шаға барлығы сол диірменге тартқызып ұн шығарып ас-су етіп ішеді екен. Аққұлы деген жетімдер кісі екен, ол кісі де соғыстан аяғынан жарадар болып келіп, үшеуі де қатарынан диірмен соғыпты. Ал енді Ақұлықтың бауы деген бау бар. Ол кісінің Ақұлықтың бауы дейтін себебі, алма бауы бар екен. Алма екен екен. Ал біздің әкеміз қара тал егіпті. Әрине, қара талды бау демеуді ғой. Әлі де диірменнің ескі жұртында сол талдардан бірен-саран қалғаны бар. Содан 1959 жылы совхоз құрылып, орталыққа көшіп келдік. Там салды. Әкеміздің диірмені таудағы отырған жерімізде қалған. Сөйтіп мен білетін 1967 жылы Хрущевтің жүгерісі кезінде ападар малменен көктемде көшіп барып, күзде көшіп келетін. Ол кезде Төбет дейміз. 1962 жылы қайта көшіп барып әркім-әркімнің бидайы бар, жүгерісі бар соларды тартып беретін. Әкеміз Қалымбет әжі ұрпағы, Асылбекұлы Қошқар 1973 жылы 70 жасында соғыс салған жарақатынан қайтыс болып кетті. Жалғыз қарындасы Қалдықыз Шағадағы Байғон көкеміздің әйелі болатын. Диірменді әкеміз Күмісті ауылында тұратын Төленбек деген

кісіге береді. Кейін Байділда ауырып қалады. Содан «Осы тастың киесі болды ма, ауырып қалдым ғой. Әкемнің қолының табы тиген киелі тас ғой,- деп қайтып алып келеді. Таудағы диірменнің орнына «Қошқар ата диірмені» деген жазуымен белгі тас қойдық.

Байділда ол уақытта бала болса да диірменнің тасын дөңгелетіп әкеліп ошақтың қасына қояды. Бүгінде ол диірмен Байділданың үйінде тұр. Аманкелді, Мұңайтпас ағаларымыз көршіміз тұғын. Үйіміздің жақындығы сондай, кешкілік есіктің алдына су сеуіп, сыпырып шай ішіп отырғанда бір-бірімен сөйлесіп отыратын. Бірінде жоқты бірінен ауысып алып, дүние де ортақ, ас та ортақ дегендей.

Жауқашты ағамыз кезі кеткенше той жиында: «Қошқар көкеміздің диірменінің нанын жегенбіз» деп айтып жүретін. Әкемізді ешкім соғысқа барып Москваны қорғап еді, соғыстан кейін елдің тоғайуына жәрдемі тиіп еді деп ешкім айпады ғой. Әшім ағамыз соғыстың алдында туылды. Есенкелді әкем соғыста жүргенде туылса, соғыстан кейін 1945 жылы Саудақұл деген қыз, 1947 жылы Байділда, 1952 жылы мен туылдым. Саудақұл әпшем Жаңақорғанға тұрмысқа шығады. Он бала өсірді. Байділда үйленіп совхозға келіп есепші, ферма есепшісі, бас есепшінің орынбасары қызметтерін абыройлы атқарды. «Бір демалысқа шыққанда әкемнің диірмені тұрған жерге белгі қойсам» деп үйде айтып отырушы еді. Байділда ағамнан үш ұл, үш қыз бар. Үлкені Қанат қара шаңырақта, ауылдық мәдениет үйінде істейді. Екінші ұлы Қарақұр жалпы орта мектебінде ұстаздық қызметте жүр. Үшінші ұлы Ерзат аудандық ауруханада хирург болып қызмет атқарады. Менің төрт өыз, бір ұлым бар. Ұлым Бақыт өндіріс саласында учаскок бастығы. Асылбеков Әшім ағам Челябинскіде әскери борышын өтеп жүріп аурулы болып келді. Жыл сайын 23 ақпан-Кеңес Армиясы күні совет армиясының мүгедегі ретінде құрметтеліп, сый-сияпат алып тұратын. Кейін өмірден озды.

Анамыздың ныспысы Бейісбекова Нештай. Төркіндері Раң ата ауылындағы Тілеубек, Сайлау деген кісілер болатын. Тілеубек қария бүгінде зейнет жасында,-деп өткен жылдарын Базаркүл апамыз асықпай әңгімелеп берді.

«Бізді асырау үшін анам колхозда аянбай еңбек етіп, жыл соңында 3 (үш) қап бидай алады. Оны ұн қылатын ауылда су диірмен жоқ. Амалсыздан шешем екі үйдің екі қап бидайын диірменге апару үшін Кемел

екеуімізді Қарағұрға жұмсайды. Екеуіміз екі есекке бидай артып жолға шығамыз. Бұл 1948 жыл. Энгельс атындағы колхоз бен Қарақұр колхозының арасы 30 (отыз) км шамасы. Біздің жасымыз сол кезде 11-12 жастамыз. Диірменге түнделетіп жетіп, диірменші Жандарбек атаға соқтық. Соғыстан келген-ау екі балдағы бар. Жұмысымызды айттық. Балалар диірменде бидай көп, кезек бір аптадан кейін келеді, күтесіңдер,- деді. Біз ренжіп төмен қарап тұрмыз. Бір кезде ата айтты. Жоғары жақта Қошқар деген диірменшіге барыңдар. Мүмкін сол диірмен бос шығар деді. Ай жарығымен Қошқар атаның диірменіне жеттік. Қошқар ата да балдағына сүйеніп тұр. «Диірменде астық көп, сәл өрлесендер Ағылхқтың диірмені кезігеді, сол кісіге барыңдар, диірмені бос шығар» деп жөн көрсетті. Жазған құлда шаршау бар ма дегендей іздеп жүріп Ағылхқ ата диірменіне жеттік. Ағылхқ ата да соғыстан келген-ау бір аяғы тізеден кесілген, балдақты шал екен. Жұмысымыздың мәнісін түсінген ата, сендер төменгі Энгельс колхозынан келіпсіңдер, бидайларыңды түсіріңдер деді. Біз қуанып бидайды көліктен түсірдік.

Диірмен шанағына екі қап бидайды салды. Сол күні кешке дейін ұн тартылып бітті. Біздің қуанышымызда шек жоқ. Кешке сол үйге тағы қондық.

Ауылдағы көп колхозшылар біз құсап, Қарағұрға ұн тартуға сабылып, жолаушылап жатқаны. Осындай қиын шаруаның шешуін аталарымыз Қойбағаров Көшербай және Бәйгенжиев Әділбай жеңілдетті. Колхозшылардың өтініші арқылы, колхоз басқармасы Тұяқбаев Төлепберген жоғарыдағы екі атаға су диірмен салуға нұсқау беріпті. Екі ағамыз екі диірмен салуға әрекет жасай бастады. Диірмен тасты Ақсұмбе, Сауысқанды деген жерлерден дайындайды. Ол жер 60-70 км жерде. Сонау Инелінің шығысында Диірментәу деген жерге кетті. Диірментәудан тасты түйеге артып әкелді. Диірмен тасты түрлі құралдар арқылы иірлей бастады. Көп еңбекті қажет ететін жұмыс екен. Оны дайындау үшін ерінбеу, қызығушылық таныту, іске деген ерен еңбек керек екен. Күнде екі аты диірмен тасты тықылдатып оншақты күнде тасты дөңгелетіп, тесіп бақалақ тұратын, бидай түсетін тесік жасады. Бидай салатын ағаштан шанақ жасады. Енді бір күні диірмен тасты айналдырауға қажетті үш метрлік темір іздеп, Қызылбайрақ (бұрынғы) колхозының маңындағы шахтаға кетті. Сол жақтан білектей мықты, білеу темір тауып

таң қаламын. Адам баласы басына түскенде қандай ауыр жұмыс болса да жеңе біледі екен-ау деймін,-деп еске алады қаратаулық еңбек ардагері Елтай ақсақал.

Базаркүл апамыз бала-шағасының арқасында қажылыққа барып, қажы атанып, құдайдың берген он жеті немересінің әжесі болып отыр.

«Қайсыбір жылдары Жауғашты ағам колхоз бастығы болып тұрғанда «әкемнің еккен талынан отындыққа ағаш беріңіз» деп бардым. «Сен қыз не деп отырсың? Әкемнен мал қалғанша тал қалсын» демекші ол талдан саған берсем, ертең жұрттың бәрі сұрайды. Ауылдан тауға көз салғанда етегіндегі бауға қарап «атамыз еккен» деп отырамыз. Ертең ол жер типтыл боланды ғой» деп бермеді. Жыл сайын әкеміздің табаны тиген жерге бала-шағамызбен барып құран бағыштап қайтамыз. Көненің көзіндей болған Сәлима, Назкен апаларымыз «Қошқар ағамыздың үйінің қазаны оттан түспейтін. Шіркін, Нештай жеңгіміздің пәтір нанын айтсайшы» деп отыратын. Әкеміз «сендердің несі-белеріңе тірі келдім. Сендерді берген Аллаға шүкір. Бірақ Байділданың шүберек басын көруге Алла нәсіп етпеді деп отыратын. Бұл кезде әкеміздің қартайған шағы еді,- дейді Базаркүл апа.

Ол уақыттағы аталарымыздың жасы келсе де, Ұлы Отан соғысынан майып болып келсе де елдің мүддесі үшін, айлықсыз, ақысыз еңбек етулері бүгінгі біздерге зор үлгі екені ақиқат.

Бүгінде диірменші Қошқар ағамыздың ұрпақтары өмірдің әр саласында егеменді еліміздің өркендеуі жолында игілікті істердің басында жүр. Қошқардай текті атаның ұрпағы Байділда ағамыздың өзі кешегі кеңестік шаруашылықтың өркенді өрісті жылдары бар күші мен жігерін елдің әл ауқатының дамуы жолына жұмсап, қара нардай тер төге білді. Жақсы естеліктер мен енегелі жарқын іздерін қалдырды. Артынан ерген ұл-қыздары да білім, денсаулық, кәсіпкерлік және тіршіліктің басқа салаларында табысты еңбек етуде. Осы әңгімені жазуға себепкер болған Базаркүл апамыз елдің ақ жаулықты ардақты анасы. Әкесі мен бауырлары жайлы кейінгі ұрпаққа татымды рухани азық болар өткен жылдардың естелігімен бөліскені үшін апамызға алғыс айтамыз. Жақсының өзі кетсе де орнында кезі қалар демекші, ел ішіндегі Базаркүл апамыз сияқты есті, әңгімешіл, көне көз қарияларымыз аман болсын!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.



# Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

## Happy end-сіз инвестициялар: жалған брокерлерді қалайша танып білуге болады?

Бүгінгі күні брокер сымақтар мен жалған инвестиция тартушы делдалдар санының күннен күнге артып, белсенді жұмыс атқарып жатқанын байқауға болады.

Алаяқтар брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асырып жатырмыз деп сендіріп, қарапайым схема бойынша азаматтардан ақша тартады: олар қолдарында қаржы реттеушінің тиісті лицензиясы болмай тұра, өздерін табысқа жеткен және болашағы бар компаниялардың қызметкерлеріміз деп таныстырады.

Жалған брокерлер қолданатын неғұрлым кең тараған әдістер мен оларды шынайы әдістерден қалайша ажырату керектігін [Fingramota.kz](http://Fingramota.kz)-пен қарастырып көрелік.

Соңғы жылдары қаскүнемдер азаматтарды алдау үшін түрлі компанияларға инвестициялар тарту тақырыбын жиі қолданатын болды. Олар компаниялардың танымал инвестициялық жобаларының атаулары мен логотиптерін пайдаланады: мысалға, [NalykFinance](http://NalykFinance), [KAZ Minerals](http://KAZ Minerals), [Қазақмыс](http://Қазақмыс), [ҚазМұнайГаз](http://ҚазМұнайГаз), олар жөнінде ақпаратты әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы таратады.

Алайда, биржа ешқашан инвестормен тікелей байланыс жасамайтынын есте сақтау қажет. Олардың арасында делдалдар болады-бұл қаржы реттеушінің тиісті лицензиясына ие және Қазақстан қор биржасының (KASE) мүшелері болып табылатын брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар.

Инвестициялық алаяқтардың ең көп таралған схемаларын қарастырайық.

1-схема. Алаяқтар жалған инвестициялық веб-сайттар жасайды және бағалы қағаздар мен криптовалюталарға инвестиция салғысы келетін азаматтарды неғұрлым көп мөлшерде тарту мақсатында өздерін инвестициялық қызметті белсенді түрде жүргізіп жатқанды етіп көрсетеді. Алаяқтар әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс жүргізеді, хабарламалар таратады және белсенді жарнамалары бар жалған сайттарға сілтемелер орналастырады. Ықтимал құрбандардың санын көбейту, сондай-ақ олардың сеніміне кіру үшін алаяқтар криптобиржаларда жұмыс істеуге арналған тегін тренингтер өткізеді. Олар тыңдаушыларды жинайды, цифрлық активтерден қалай ақша табуға болатынын үйретеді және әлеуметтік құрбандарға ақшалай қаражатты сенімгерлік басқару қызметін ұсынады. Мұның қалай аяқталатынын болжау қиын емес.

2-схема. Бүгінгі күні көптеген ірі компаниялар қосымша инвестициялар тарту үшін өз акцияларын қор нарығына орналастыруда. Алаяқтар өздерін әр түрлі компаниялардың қызметкерлері ретінде таныстырып, азаматтардың ақшасын IPO шеңберінде тартуы мүмкін. Жалған брокерлер компанияның танымалдылығын пайдалана отырып, әрбір салымның кепілдендірілген кіріс эквәлетініне сендіреді. Оның дәлелі ретінде олар жалған инвесторлардың фейк пікірлерін жариялап отырады. Клиент оған сенім артып, банк шотына не «жеке менеджердің» картасына ақша аударғаннан кейін, алаяқтар оларға жалған есептер мен

төлем кестесін ұсынады, салған салымнан едәуір пайда түседі деп сендіреді.

Ақшаны алдап алудың әр түрлі әдістері бар, соның бірін клиент компанияның заңды қызметіне күмәнданғанда, олардың заңдылығын тексере бастағанда немесе өз шотынан «еңбекпен тапқан» ақшасын алған кезде ғана байқайды, оған дейін алаяқтар өз істерін бірнеше рет қайталап үлгереді. Бұл жағдайда алаяқтар қосымша ақша талап етіп, клиентке ақшаны қайтарудан жалтарайды, содан кейін клиенттің ақшасымен мүлдем жоқ болып кетеді.

### Жалған брокерлерді қалай танып білуге болады:

«Кепілдік берілген» кіріс. Әрбір инвестиция белгілі бір тәуекелмен байланысты, бұл күтілетін кірістілікте көрініс табады. Егер сіздің ақшаңыз толық қауіпсіздікте болса, төмен пайда алуыңыз әбден мүмкін. Жоғары кірістілік болған жерде жоғары тәуекелдер қатар жүреді, сонымен қатар, инвестициядан толық айырылу қаупі болуы мүмкін. Алаяқтардың көбі инвесторларды кездейсоқ жоғары кірістілікке «кепілдік берілген» немесе «жіберіп алуға болмайтын» деп сендіруге тырысып, көп уақыттарын жұмсайды.

«Барлығы сатып алып жатыр». Осы іске барлығы инвестиция салып жатыр, сіз де қалып қоймаңыз» деп айтатындардан сақ болыңыз. Бұл өнім сізге қажет пе, соны ойланыңыз. Егер өнімді таныстыру кезінде «оны соншама адам сатып алды» деген сөздер көп айтыса, бұл сіз үшін күмән келтіру белгісінің бірі болуға тиіс.

Өте тиімді ұсыныс. Алаяқтар өз құрбандарына мұндай ұсыныстың өмірде бір рет қана болатынын және ертең мұндай ұсыныстың болмайтынын жиі айтады. Алайда, жылдам инвестициялау үшін олардың жетегінде кетпеңіз, одан да ақшаны жібермес бұрын барлығын мұқият зерделеуге қажетті уақыт бөліңіз. Сондай-ақ инвестициялық шешім қабылдау кезінде танымал адамдардың пікірлеріне немесе құптауларына сене бермеңіз. Алаяқтар өз клиенттерін жаңылыстыру үшін мемлекеттің бірінші тұлғаларының, ықпалды адамдардың, сондай-ақ атақты адамдардың суреттері мен бейнежазбаларын пайдаланады.

Назар аударыңыз! Брокерлік қызметтерді көрсететін компаниялардың қызметтері «Бағалы қағаздар рыногы туралы» ҚР Заңымен регламенттеледі. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша қарапайым азамат қор биржасынан бағалы қағаздарды өз бетімен сатып алуға немесе сатуға құқылы емес.

Азаматтар оны нарықтың кәсіби қатысушысы-брокер арқылы ғана жасай алады. Брокердің қолында міндетті тәртіпте бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің лицензиясы және ол биржаның тікелей қатысушысы болуға тиіс.

[Fingramota.kz](http://Fingramota.kz) қызметін тек қана түсінікті және ашық құқықтық аяда жүзеге асыратын компаниялармен шарттық қатынастар жасауды ұсынады.

**Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің тапсырысымен.**

Бүгінгі күні жеке бизнес ашу қиынға соқпайды. Дара кәсіпкерді (ДК) не жауапкершілігі шектеулі серіктестікті (ЖШС) тіркеу жөніндегі қызмет толығымен автоматтандырылған. Ол үшін [Egov.kz](http://Egov.kz) порталында онлайн өтініш беріп, лицензиярды, яғни болашақта оған бекітілетін салық органын таңдау қажет және тиісті құжаттарды толтыру керек. Алайда, цифрландырудың дамуымен қатар, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді алдайтын алаяқтық схемалар саны да өсіп келеді.

[Fingramota.kz](http://Fingramota.kz) алаяқтықтың осы түрі жөнінде айтып береді және азаматтар мен ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге пайдалы кеңестер береді.

Әлеуметтік желілерде азаматтарға бизнесін «деңгелетіп» әкетуге немесе ісін жаңадан бас-

негінде кейбір тәжіриімдер жасауға болады. Мысалы, егер сатушыда қысқа уақыт ішінде 5-10 пікір ғана жазылған болса, бұл сіздің көңіліңізге күдік тудыруы қажет. Іздеу жүйелерінен сатушының атын іздеңіз, мүмкін сіз олар туралы қызықты деректер табарсыз, бұл келешекте сіздің қиындыққа тап болмауыңыз үшін қажет.

### Егер жалған сатушыға жолыққан жағдайда, не істеуге болады?

Егер сіз Интернет арқылы сауда жасау барысында алаяққа тап болсаңыз, бірінші кезекте сатушының атына шағымданыңыз. Тіпті дүкеннің заңды мекенжайы белгілі болмаса да шағымданыңыз, сайтта байланыс үшін көрсетілген қандай да бір байланыс деректері

## Назар аударыңыз! Ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің сенімін пайдаланатын алаяқтар саны артауда

тағандарға көмек көрсетуді ұсынатын қызмет түрлері кеңінен тарауда. Қаскүнемдер бизнесі дамыту үшін сіздің банктік шотыңызды басқаруға алу, оның ішінде бухгалтерлік операциялар жүргізуді және салық инспекциясына қажетті есептер беруді ұсынады. ДК мен ЖШС-ны басқаруға үшінші адамдарға карт-бланш беру корпоративтік алаяқтыққа әкеп соғуы мүмкін.

Корпоративтік алаяқтық- бұл алаяқтардың жеке басының пайдасы үшін және/немесе компанияның мүддесіне зиян келтіретін және/немесе алдау, сенімді пайдалану, жаңылыстыру немесе қызметтік жағдайын пайдалана отырып басқа жолмен компанияға материалдық және/немесе материалдық емес зиян келтіру мақсатында жасайтын әрекеттері.

### Жеке бизнесті басқаруға алған алаяқтық схемасы

Бизнесті толық басқаруына алғаннан кейін алаяқтар фейк интернет-дүкендер ашады, әлеуметтік желілерде парақшаларын жүргізеді, маркетингтерде жарнамалар жасайды, онда олар ДК немесе ЖШС иелері ретінде түрлі тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатады. Одан кейін олар мәміле туралы келіседі және әлеуметтік құрбандарына төлем жасауға қашықтан шот-фактуралар жібереді, бұл адамдарда ақша қаражатын аудару кезінде ешбір күмән тудырмайды. Мұндайда кәсіпкер өзінің қылмыстық схемаға тартылғанын, делдал ретінде пайдаланылғанын түсіне бермейді, себебі алаяқтар әрекеттерін «жұмыс істеп тұрған бизнес» ретінде шебер жасырады. ДК, ЖШС және банктік шоттарды басқаруды бөгде адамдарға беру жаппай сипатқа ие болып отырғанын ескерсек, оның салдарынан азаматтарға үлкен материалдық шығын келтірілуде. Жоғарыда көрсетілген әрекеттер Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190 және 28-баптарына сәйкес алаяқтық ретінде жіктеледі және айыппұлмен, түзету жұмыстарымен не бас бостандығынан айырумен жазаланады. Бизнесті басқару қызметіне жүгінгендерге құқық бұзушыларға көмек көрсеткен жағдайда да жауапкершілік көзделгенін атап өткен жөн.

Қызметін енді бастаған кәсіпкерлерге жеке деректерге, электрондық кілттерге және ДК/ЖШС-нің басқа құжаттарына бөгде адамдардың қол жеткізуді шектеуге кеңес береміз. Қандай жағдай болмасын бизнесіңізді делдалдарға басқаруға бермеңіз. Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды!

### ДК немесе ЖШС-ның ресми құжаттарының болуы кепілдік бермейді

Интернет арқылы танымал интернет-дүкендерден белгілі бір заттарды сатып алу көңілге сенім ұялатады. Мұндай сатып алуларды Қазақстанның көптеген ірі банктерінің мобильді қосымшалары арқылы жасауға болады. Алайда, бұл осы сауда алаңдарынан сауда-саттық жасау қауіпсіз, сенімді дегенді білдірмейді, сатушылардың барлығы бірдей өз ісін адал жүргізеді деп сенуге де болмайды.

Алаяқтық жағдайлар қарапайым схема бойынша іске асырылады. Сатып алушы тауарға тапсырыс береді, мысалы, велосипед деп алайық, сатып алушы оның ақысын төлейді, бірақ жеткізуші тауарды уақтылы жібермейді, қоңырауларға жауап беруді қояды, тіпті мүлдем жоқ болып кетеді. Бұл әрекеттер сатып алушының онлайн банкинг шоты болған кезде де орын алуы мүмкін.

Осындай проблемаларды болдырмау үшін сатып алудан бұрын қосымшадан сатушының қандай рейтингте тұрғанын, пікірлердің бар-жоғына көңіл аударған жөн. Осы мәліметтер

(мысалы, электрондық пошта мекенжайы) болуға тиіс. Егер сайтта заңды мекенжай көрсетілсе, онда электрондық шағымды жай пошта арқылы да жіберуге болады.

Шағымда дүкен жасаған бұзушылықтың мәнін толыққанды сипаттап, өз талаптарыңызды (тауарды ауыстыру, ақшаны қайтару) қою қажет. Шағым ескерілмеген кезде әрі қарай әрекет ету керек. Дүкеннің іс-әрекеттері нағыз алаяқтық болатын болса (мысалы, алдын ала төлем жасалған тауар жеткізілмесе), уақытты жоғалтпай, полицияға өтініш беру керек.

Шағымды [e-tutynushy.kz](http://e-tutynushy.kz) сайтынан беру керек, аталған ресурс шығымды әрі қарай сатушыға өзі жібереді. Сатушыға сатып алушымен мәселені шешуге 10 күн беріледі және осы уақытта сатушы шағымға ден қоймаса, мемлекеттік органдар іске қосылады.

Ұрланған қаражат сомасы қомақты болмаса да, шағым беруден бас тартпау керек. Интернет-дүкен иелеріне де шара қолдануға болатынын естен шығармаған жөн, өйткені сайттың домені хостингте орналасқан, бұл онда оның иесінің нақты төлқұжат деректерінің бар екенін білдіреді. Бұдан басқа, алынған тауарға қоса берілетін құжаттарда да сатушының байланыс деректері болуы мүмкін.

Сатып алу процесі аяқталғанға дейін және тауарды өзіңіз тексеріп алғанға дейін сатушымен барлық хат-хабарды міндетті түрде сақтап қойыңыз. Қалай болғанда да ақшаңыздан айырылып және тауарды алмаған болсаңыз, барлық скриншоттарды ұсына отырып құқық қорғау органдарына өтініш жазыңыз.

### Жеке хабарландырулар - тәуекелдердің жоғарылауы

Жеке хабарландырулар сайттары арқылы сауда жасау кезінде адамның жосықсыз саудагерлерге тап болу тәуекелі әбден ықтимал. Әдемі суреттің арғы жағында нағыз алаяқ жасырынып отыруы мүмкін. Алаяқтардың «жұмысының» әдеттегі үлгісі мынадай: сатып алушы өзіне қажетті тауарды тапқаннан кейін «сатушы» өзінің басқа қалада екенін сылтауратып, тауарды пошта арқылы жібере алатынын мәлімдейді. Осы ретте, сатып алушыны пошаның немесе танымал курьерлік қызметтің үйден шықпай-ақ, батырманы 2 рет басу арқылы ақы төлеуге және бірер күннен кейін тауарды үйге дейін курьер арқылы алуға мүмкіндік беретін, сондай-ақ бұл үшін комиссия алмайтын жаңа қызметінің пайда болғанын сендіреді. Бұл үшін сатушы порталда өзі сәлемдеме «құрып», сатып алушыға сілтеме жібереді, ол сілтемені ашқаннан кейін сатып алушы өз картасының деректерін енгізуі қажет. Деректерді енгізгеннен кейін сатып алушының картасынан тауар құнының сомасын ғана емес, оның бүкіл ақшасын шешіп алатынын айтпаса да түсінікті. «Сатушы» із-түссіз жоғалады, оған қоңырау шалу мүмкін болмайды.

«Сатушыдан» келген сілтеме апаратын порталдың дизайны логотиптері бар шынайы пошта қызметтері сияқты жасалатынын атап өту қажет. Бұл фишингтік сайт екенін браузердің мәтін енгізетін жолынан ғана аңғаруға болады. Мұндай қызметтің бар-жоғын анықтау үшін сайттың қандай компанияның атынан жұмыс істеп тұрғанын біліп, ашылатын фишингтік парақшада көрсетілген телефонға емес, сол компанияның өзіне ресми телефондар бойынша хабарласқан дұрыс болады.

**Алаяқтардың арбауына түсіп қалмаңыздар және қаржылық сауаттылығыңызды [Fingramota.kz](http://Fingramota.kz)-пен бірге арттырыңыз!**



## Мен келісімшарт қызметін таңдадым

Осыған байланысты аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №561-4 «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 37,40 баптарына сәйкес запастағы сержанттар мен сарбаздарды 2024 жылы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің төменде көрсетілген әскери бөлімдерінің бос лауазымдарына келісімшарт бойынша әскери қызмет етуге іріктеу жұмыстарын жүргізуде.

### Запастағы сержанттар мен сарбаздарды

«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы  
35748 ә/б 82796 ә/б  
Шығыс өңірлік қолбасшылығы  
28738 ә/б 40398 ә/б  
32039 ә/б бағынысындағы  
36814 ә/б 48386 ә/б 74884 ә/б  
Қарағанды облысы Саран қаласы  
44803 ә/б

### 1. Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт

Келісімшарт бойынша әскери қызмет осы Заңның 6-тарауының 37,40 баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы қарулы Күштердің уәкілетті лауазымды адамымен әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасады.

Келісімшарт ерікті түрде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес екі тарап арасында жазбаша түрде жасалады.

Әскери қызмет өткеру туралы келісімшартта азаматтың әскери қызметке кіруінің еріктілігі азаматтың әскери қызметті өткеруге міндеттенген мерзімі және келісімшарттың басқа да талаптары бекітіледі.

Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарттың талаптары азаматтың келісімшартта белгіленген мерзім ішінде Қарулы Күштерде әскери қызмет өткеру міндеттілігін қамтиды. Келісімшарт талаптарында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер, көпелдіктер мен өзінің өтемақылар алуы қоса алғанда, азаматтың өз құқықтарын мен өзінің отбасы мүшелері құқықтарының сақталуы қамтамасыз етіледі.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Егер Сіз, өз тағдырыңызды Қазақстан Республикасының қарулы Күштерімен байланыстырғыңыз келсе, Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен хабарласыңыз.

Байланыс сымтетігі 8-775-131-31-17.

## Хабарландыру

### Созақ ауданы тұрғындарының назарына!

Конго Қырым геморагиялық қызбасы ауруына кенеге қарсы 1-кезеңдегі залалсыздандыру (дезинсекция) жұмыстары наурыз айынан басталатынын ескерте отырып, залалсыздандыру жұмыстары сапалы жүргізу мақсатында, үй іргелік қора жай және оған жапсарлас аумақтарды механикалық тазарту (көң, қилардан тазартып, әктеу, сырлау, астаулардың астын тазалау) жұмыстарын жасауларыңызды сұранамыз.

Ескерту: Тазаланбаған үй іргелік қора жайларға кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстары жүргізілмейді. Ірі қара малдарды (мүйізді ірі қара, жылқы, түйе) бүрку, майда малды тоғыту және үй іргелік қора жайларды және оған жапсарлас аумақтарды залалсыздандыру жұмыстары «тегін» жүргізілетінін ескертеміз.

**ТО Ветеринария басқармасының «Ветеринариялық қызметі» ШЖҚ Созақ аудандық филиалы.**

## Хабарландыру

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2023-2024 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2024 жылдың наурыз айының 19 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

**Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.**

## Хабарландыру

«Орталық» Өндіруші кәсіпорын» ЖШС 2024-2033 жылдарға арналған шығарындыларға рұқсат алу нормативті жобалары бойынша «Орталық» Өндіруші кәсіпорын» ЖШС-не ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды (жобаларды түзету).

Өткізу орны: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек а/о., Қыземшек кенті, Мәдениет үйінде.

Өткізу күні мен уақыты: 2024 жылдың 15 сәуір сағат 11:00-де.

Конференцияға онлайн қосылу: <https://us04.web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттармен келесі порталда танысуға болады [esportal.kz](http://esportal.kz), сондай-ақ Жергілікті атқарушы орган «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтының «қоғамдық тыңдау» бөлімінің сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kk> танысуға болады Мекенжайы: Түркістан қаласы, Жаңа қала ш.а., 160 кварт., 32 көше е-mail: [a.shymabekova@ontustik.gov.kz](mailto:a.shymabekova@ontustik.gov.kz).

Бастамашы: «Орталық» Өндіруші кәсіпорын» ЖШС, мекен-жайы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек а/о., Қыземшек кенті, орам 033, үй № 28. БСН 110240020102, тел. + 77252997165

Орындаушы: «Эко-Тест» ЖШС, БСН 080240010964 Шымкент қ., Фискультурник өткелі, 5 үй. тел. +77711515038. Email: [zhakayev@mail.ru](mailto:zhakayev@mail.ru)

«Орталық» Өндіруші кәсіпорын» ЖШС барлық тілек білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Барлық мүдделі тұлғалар өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын келесі электрондық пошта мекен-жайы бойынша енгізе алады: [zhakayev@mail.ru](mailto:zhakayev@mail.ru), [a.shymabekova@ontustik.gov.kz](mailto:a.shymabekova@ontustik.gov.kz).

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын қағаз жүзіндегі материалдармен Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек а/о., Қыземшек кенті, орам 033, үй № 28 мекен-жайы бойынша танысуға болады. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға: + 77252997165.

## Объявление

ТОО «Добывающее предприятие «Орталык» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по «Нормативные документы для разрешения на эмиссии по ТОО «Добывающее предприятие «Орталык» на 2024-2033 годы (корректировка проектов).

Место проведения: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., п.Кыземшек, в Доме культуры.

Дата и время проведения: 15 апреля 2024 года в 11:00.

Подключиться к конференции <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на Едином экологическом портале [esportal.kz](http://esportal.kz), а также на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kk> Местного Исполнительного Органа ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», адрес: г. Туркестан, мкр Новый город, кварт. 160, ул. 32 е-mail: [a.shymabekova@ontustik.gov.kz](mailto:a.shymabekova@ontustik.gov.kz). в разделе «Общественные слушания».

Инициатор: ТОО «Добывающее предприятие «Орталык», адрес: Туркестанская область, Сузакский район, Сузакский с.о., с. Сузак, квартал 033, дом № 28. БИН 110240020102, тел. + 77252997165

Исполнитель проекта: ТОО «Эко-Тест», БИН 080240010964. г. Шымкент, проезд Фискультурников, дом 5. тел. +77711515038. Email: [zhakayev@mail.ru](mailto:zhakayev@mail.ru)

ТОО «Добывающее предприятие «Орталык» приглашает всех желающих принять участие в общественных слушаниях. Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: [zhakayev@mail.ru](mailto:zhakayev@mail.ru), [a.shymabekova@ontustik.gov.kz](mailto:a.shymabekova@ontustik.gov.kz).

С материалами проекта в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Сузакский с.о., с. Сузак, квартал 033, дом № 28. По всем вопросам обращаться по телефону: + 77252997165.

## Тасты ауылдық округі бойынша Жергілікті қоғамдастық мүшелерін сайлау өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

«Созақ ауданының Тасты ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148-II Заңының 39-1-бабы, және Жергілікті қоғамдастық жиналысының үлгі регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы №295 бұйрығы негізінде, Тасты ауылдық округі әкімінің жергілікті қоғамдастық мүшелерінің мерзімдері етуіне байланысты жергілікті қоғамдастық өкілдерін сайлау жиынын өткізу туралы хабарландыру.

қ/с	Бөлек жиын өткізуге уәкілеттік берген	Бөлек жиын өтетін көшелер	Өтетін уақыты	Жиынның өтетін орны
1	М.Тлеулинов	А.Бейсенбаев, А.Иманов көшелері	08.02.2024 ж Сағ:10:00	Айтбайұлы Жеңісбайдың үйінің тұсы
2	М.Тлеулинов	Ж.Жабаев, Б.Момышұлы көшелері	08.02.2024 ж Сағ:11:00	Кумисбеков Алдиярдың үйінің тұсы
3	М.Тлеулинов	Қазақстан, Қажымұқан көшелері	08.02.2024 ж Сағ:12:00	Рысдәулетов Романның үйінің тұсы
4	М.Тлеулинов	Наурыз,Жібек жолы, С.Сейфуллин көшелері	08.02.2024 ж Сағ:15:00	Кәдірбаев Ануарбектің үйінің тұсы
5	М.Тлеулинов	Қылти елді мекені	08.02.2024 ж Сағ:16:00	Елді мекендегі ФАП тың тұсы

## Жемқорлыққа жол жоқ!

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр са-

лада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар

жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың ден-

деуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Е.ТӨРЕБЕКОВ,**  
Созақ аудандық СЭББ  
басшы м.а.



# Заң-мемлекеттің бастау бұлағы

Жаһандану заманында адам құқықтары мен бостандығын қорғау басты нысанаға алынған десек, оған Шерхан Мұртазаның “Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты” дегенін қосыңыз. Демек, адам өмірінде заңның арқалар жүгі жеңіл емес. Осы салада үздіксіз білім беріп жүрген білім ордаларының бірі де бірегейі Қазақ ұлттық университетінің заң факультеті.

Аталмыш оқу орны 1934 жылы қаланған болатын. Сондықтан да, білімнің альмонаторы атанған заң факультетінің біздің елімізде биік екеніне ешкім күмән келтіре алмас. 2024 жылы қаңтар айынан бастап қара шаңырағымыз өзінің 90-жылдық мерей тойын тойламақ.

Оның дәлелі әрине талай белесті бағындырған, Ата Заңымыздың әр тармағы, әр бөлімін құрастыруға үлес қосқан тұлғалар екені мәлім. Қазақ заңының шаңырағын көтеріп, уығын тіккен жандардың қай қайсысын да өмір тарихынан оқу орнының таңбасын көруге әбден болады.

“Түлектерім-тірегім” деген қара шаңырақтың бүгінгі шәкірт дайындау жолындағы алғы істеріне тоқтала кетейік.

Құқықтану, кеден ісі, корпоративтік құқық мамандықтары бойынша жыл сайын бәсекеге қабілетті шәкірттер тәрбиеленіп шығаруда. Сапалы білім алып шыққан студенттеріміздің жұмыс орнында да өресі биік тұратынына сенімдіміз.

Заңгерлер әзірлейтін қара шаңырақ заман талабына сай жабдықталған еліміздегі алдыңғы қатарлы білім ордасы. Шәкірттер игілігіне шексіз интернет пен компьютер құрылғылары үздіксіз жұмыс жасайды. Со-

нымен қатар, зертханалық сабақтарға арнайы жабдықталған криминалдық зерттеу, сот жүргізу бөлмелері мен медиация дөңгелек үстел кабинеттері болашақ кәсіп иелеріне сапалы білім алып қана қоймай, жан-жақты болып шығуына өз септігін тигізуде.

Бізге жастардың таңдауына қарай сабақтар қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде жүргізіледі. Әлемдік стандарттар бойынша бакалавр, магистратура, PhD докторантура санаттарында білім алып шығуға мүмкіндіктер жасалынған. Себебі бізде, Қазақстандағы ең үздік деген профессорлар мен доценттер, ұстаздар құрамы жұмыс жасайды.

Олар сабақ оқып қана қоймай, түрлі үйірмелерге де қатысуына болады. Сол арқылы оқу мен қатар қоғаммен қарым-қатынас жасай білеу дағдыланады. Бүгінгі күні шәкірттеріміздің білім көрсеткішінің арқасында Қазақстанда ғана емес, университетімізде де алдыңғы қатарлы факультеттердің көш басында тұр. Оның дәлелі жыл сайын олархалықаралық және республикалық олимпиадалардың, спорттық жарыстардың, шығармашылық байқаулардың жеңімпаздары.

“Заң - үлкен шыбындар бұзып өтіп, ұсақ шыбындар шырмалатын өрмекшінің торы емес” деген Бальзактың сөзін ұстанатын біздің сала қашанда әділдікті ту еткен еліміздегі ең айтулы білім бөлімі.

**Г.МҰҚАЛДИЕВА,**

**Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының з.ғ.к., доценті.**

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субьектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі.

Ақпараттық және ырымдастырушылық қызмет бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, әлеуметтік маңызды іс-шараларды, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды ырымдастыру арқылы іске асырылады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» № 410-V Заңының 22-бабына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

**Бағлан НҰРЛАНҰЛЫ,**

**Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының Есепке алу, талдау және ұйымдастыру-құқықтық жұмыс бөлімінің бас маман-заңгері.**

## Жарамсыз деп танылсын

Қыземшек ауылының тұрғыны **Игілікөв Қайрат Шахмұратұлының** иелігіндегі «Нива» маркалі автотөкөлігінің 656 КХВ (13) мемлекеттік нөмірі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын

ТОО «Катко» иелігіндегі «Камаз» маркалі автотөкөлігінің (мемлекеттік тіркеу белгісі: Н 757838) техникалық төлқұжаты жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан Бакытжанович**

**Бас редактор:**  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
**Сайлаубекұлы**  
**Жауапты хатшы:**  
**Мақсат Қарғабай**

**Редакция құрамы:**  
Аға тілшілер-  
**Нұржанай МАЙУСОВА**  
**Данияр БЕКОВ**  
Тілшілер-  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Теріші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**  
Фототілші-  
**Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Өмір бір үлкен арпалыс секілді. Сол жолда кешкен қиыншылығымыз бен қуанышымыз тек өзімізге ғана мәлім. Сол жолда жетелеп, жігер беретін Отаның, отбасың, қоршаған ортаң мен алға қойған мақсатың. Ал маған жігер беретін мақсат—жас ұрпақты тәрбиелеу арқылы еліміздің дамуына үлес қосу. Менің мамандығым—денешынықтыру пәнінің мұғалімімін. Спорт саласы - туған жеріміздің бо-

біздің болашағымыз. Еліміздің тұтқасын ұстайтын, тіліміздің тазалығын сақтайтын ертеңгі зияткерлеріміз. Ал өскелең ұрпақ бойында туған жер, еліміз бен жеріміз, тілімізге деген махаббатты қалыптастыру үшін—біз ұстаздар Отанымыз бен тілімізге деген махаббаты шексіз патриот жан болуымыз қажет. Мен бұл қасиеттерді өз бойымнан таба аламын, себебі мен кіндік қаным тамған

## Тілге деген құрмет өзімізден бастау алу керек

лашақ патриоттарын дайындауға, жастарымызды жігерлі, табанды етіп тәрбиелеуге мүмкіндік беретін сала. Мен қызмет ететін білім ұясының басты мүддесі де балаларға сапалы білім мен тақтайдай тәрбие беру, өз ой пікірі бар қоғамға пайдалы тұлға тәрбиелеу. Сол мүддеге жету жолында тілімізді қастерлеуге баулу, елімізге деген сүйіспеншілік сезімдерін бойларына сіңіру бағатында жұмыстар атқарылууда.

Мен өзге ұлт өкілі болсам да, көп ұлтты ұйыстырып бірлікте өмір сүріп жатқан Қазақстанымыздың болашағы үшін еңбек етуге, спортта жетістігі мол спортшыларды тәрбиелеп қана қоймай, олардың бойында рухани құндылықтарды сіңіруге бар күш-жігерімді сарп етуді жөн санаймын. Өз сыныбыма нағыз ұстаздың бойынан табылатын жанауырлық пен қамқорлықты та көрсетудемін деп ойлаймын. Мен үшін еліне деген сүйіспеншілігі мол патриоттар, тіліне, еліне деген құрметі шексіз талапкерлер тәрбиелеп шығару маңызды, себебі олар-

сәттен бастап қазақ тіліне деген құрметпен өсіп келемін. М.Әуезов айтқандай «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген ұстанымды ұстанамын. Оқушылар бойында тіліне, еліне деген құрметті қалыптастыруда мамандығым кедергі емес деп ойлаймын. Шын жанауыр адам қай салада еңбек етпесін өзгелерге үлгі бола алатынына сенімдімін.

Ұстаз ол—білім беруші ғана емес, жастарды болашақ тартысты өмірге дайындаушы деп білемін. Менің бойымдағы туған жеріме, қазақ тіліне деген аса үлкен сүйіспеншілік тек өзіме ғана емес, елім үшін де қызмет ететініне сенімдімін. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге қазір мүмкіндік көп деп есептеймін. Тек әр азамат тілге деген құрметті өзінен бастауы керек деген ойдамын.

**Шухрат ОРМАНОВ,**

**«Созақ» мектеп-гимназиясының денешынықтыру пәні мұғалімі.**

**«Мемлекеттік тіл-тәуелсіздік символы» аудандық байқауының жеңімпазы.**

## Тылсым табиғат-тыныштық бесігі

Бүгінгі таңда ауа райы жылынып, көктемнің алғашқы белгілері біліне бастады. Енді аз күнде ауыл, елді мекен тұрғындары табиғат аясына шығып демалғанды жөн көреді. Жалпы ақпарат көздерінде «анда өрт тұтады, мұнда өрт шықты» деген жағымсыз жаңалықтар түрлі төтенше жағдайларды естігенде жан түршіктіреді. Сол апаттардың ішінде өрттің алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында жыл сайын ерте көктемде жиналыс өткізіледі. Осы жиналға қатысқан Созақ аудандық орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері мен мамандары жиында айтылған мәселелер жөнінде толық мәліметті сұраған едік. Ол жиында ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тұқылын тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тыйым салынатындығы жайлы ескертулердің түсіндірілгенін айтты. Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер туралы да жиналыс барысында кеңінен айтылыпты. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер берілгенін атап өтті.

**Жұбаныш ӘЛЖАНОВ,**

**Созақ аудандық орман шаруашылығы мекемесінің күзетші-қорықшысы.**

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.